The authors point out the requirements to the terminology analysis and note the importance of terminology compliance with regulatory legal acts for ensuring the accuracy and correctness of content.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Қазақстанның үшінші жаңғыруының басталғанын жариялағаны белгілі.

Аталған жолдауда Елбасымыз негізгі мақсатымыз саяси реформа мен

экономикалық жаңғыру арқылы елімізді әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосу деп атап өтіп, оған қол жеткізудің нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары ретінде сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени

саладағы түбегейлі жаңару деп атап өткен болатын [1].

Мемлекетімізді әлемдегі бәсекеге қабілетті, экономикамыздың қуатты даму жолына бастайтын басымдықтарды іске асырумен байланысты бұл жаңғыру адамзаттың қоғам дамуының сұраныстары мен талаптарына сай жүзеге асыратын бәсекеге қабілетті білім мен ұшқыр ойлылықты игеруге бейімделуін, рухани жетілуін талап етеді. Рухани жаңғыру бұл ұлттық құндылықтарымызды, отаншылдық тәрбие мен ұлтжандылық болымысымызды сақтау, білім мен еңбектегі үздік жетістіктерге ұмтылыс.

Әлемдік дамуға бағыттайтын ел дамуының жаңа жағдайларына заңнамамызды бейімдеу қазіргі кездегі маңызды міндетіміз болып отыр.

Қазіргі кезде қолданыстағы заңнамада құқық нормасының мазмұнын бұзатын, қоғамдық қатынастарды реттеуде әртүрлі түсініп талқылауға, әртүрлі қолдануға мүмкіндік беретін жағдайлардың кездесетіндігін білеміз. Бұл нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдері мәтіндерінің теңтүпнұсқалы болмауынан, заң стилі ерекшеліктерінің сақталмауынан, атап айтқанда терминдердің, сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің дұрыс жазылмауынан туындайтын кемшіліктер. Тілдік құралдардың мұндай кемшіліктері құқық нормасының мазмұнын бұзып, оның реттеушілік сапасының төмендеуіне әсер ететіндігі белгілі. Қазіргі кезде жиі талқыланатын осы мәселеге қатысты өз ойымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Қолданыстағы заңнамада жиі кездесетін кемшіліктердің бірі терминдердің жарыспалы қолданылуы болып табылады. Жарыспалы қолданылып жүрген әртүрлі баламамен берілген мынадай терминдерді мысал ретінде беріп отырмыз: «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі N 456 Заңының 1-баптың 8) тармақшасында «товарный знак» - «тауар таңбасы» деп берілген болса, «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі N 456 Заңының 1-баптың 8) тармақшасында «товарный знак» - «тауар белгісі» деп берілген, бұл термин «тауар таңбасы» деп пайдаланылуы қажет. Сол сияқты 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексінің 7-бабының 13) тармақшасында «подозреваемый» - «күдікті» деп, «Қазақстан Республикасының

кейбір заңнамалық актілеріне қамауға алу, үйде қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі N 65-IV Заңының 110-бабында «подозреваемый» - «сезікті» деп қолданылған, бұл термин «күдікті» деп қолданылуы қажет. Осы сияқты заңнамада «предписание» деген термин «нұсқама», «ұйғарым» деп, «животный мир» - «жануарлар дүниесі», «жануарлар әлемі» деп әртүрлі қолданылған терминдер де кездеседі, бұл терминдер «ұйғарым», «жануарлар дүниесі» деп қолданылуы қажет.

Келесі кездесетін кемшілік терминдердің ұғымдық мағынасының сақталмауы болып табылады. Бұған «сәйкестендіру», «бірдейлендіру» деп екі нұсқада қолданылып жүрген «идентификация (лат – identifcare отождествлять) термині мен «сәйкестендіру нөмірі» (идентификационный номер), «тамақ өнімдерін сәйкестендіру» (идентификация пищевой продукции), «өнімді, көрсетілетін қызметті бірдейлендіру» («идентификация продукции, услуги») сияқты бірқатар сөз тіркестерін мысалға келтіруге болады. Латын тіліндегі ұғымдық мағынасына қарайтын болсақ, осы терминді «идентификация» деген күйінде пайдалану дұрыс болады. Сондай-ақ, ұғымдық мағынасынан ашпайтын калькалық тәсілмен, сәтсіз жасалған терминдерге мысал ретінде: «сроки исковой давности» («ескіру мерзімінің өтуі») деген терминді атауға болады [2, 124-125 б.], «судопроизводство» – «сот өндірісі», (дұрысы «сот ісін жүргізу»), «аффилированное лицо» – «аффилированен тұлға» (дұрысы – «үлестес тұлға»). Қолданыстағы заңнамада осы және өзге де терминдердің әртүрлі қолданылуына мысалдар көп. Мәселен, «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі N 574 Заңында «Сроки исковой давности» - «Талап қою мерзімдері» (дұрысы – «талап қою мерзімінің өтуі»), «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кендіңдік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 26-VI Заңында «Срок исковой давности» - «талап қоюдың ескіру мерзімі» (дұрысы – «талап қою мерзімінің өтуі»), сондай-ақ, «Ұлттық инвестициялық стратегия» инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарламаны бекіту және «Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136

қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 498 қаулысында «идентификация» - «идентификациялау» деп қолданылса, «Бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы № 1468 қаулыда «идентификация» - «сәйкестендіру» деп екі түрлі қолданылады (дұрыс нұсқасы осы «сәйкестендіру»), «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы N 121 Заңында «судопроизводство» - «сот ісін жүргізу» деп (дұрысы - «сот ісін жүргізу»), «Қылмыстық заңның және қылмыстық сот өндірісінің жаңа моделіне, жетілдірілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға және қылмыстық жазаларды атқару жүйесіне көшу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президенті өкімінің жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 291 қаулысында «судопроизводство» - «сот өндірісі» деп (дұрысы - «сот ісін жүргізу») қолданылған. Сол сияқты «Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы банктің аффилирленген тұлғалары болып табылмайтын ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 шілдедегі N 1063 қаулысында «аффилированное лицо» - «аффилирленген тұлға» деп (дұрысы «үлестес тұлға»), «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 308-V Қазақстан Республикасының Заңында «аффилированное лицо» - «үлестес тұлға» деп (дұрысы «үлестес тұлға») әртүрлі қолданылған.

Тілдік норманы бұзатын келесі кемшіліктің бірі терминнің мағына дәлдігінің бұзылуы, ұғым мазмұнының дәл берілмеуі. Бұған негізгі және туынды нормативтік құқықтық актілерде қолданылған бірқатар терминдерді мысал ретінде көрсетуге болады: «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451 Қазақстан Республикасының Заңында «аудиовизуальная запись» - «дыбыс-бейне жазбасы» деп дұрыс қолданылса, «Мемлекеттік кітапханалардың кітапхана қорын есепке алу және есептен шығару жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 374 бұйрығында «аудиовизуальный документ» - «аудиовизуальды құжат» деп (дұрысы - «дыбыс-бейне құжаты»)

қолданылған, «Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1083 қаулысында «аудиовизуальных произведений» - «дыбыс бейнежазу туындыларын» деп (дұрысы - «дыбыс-бейне туындыларын»), «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 2007 Қазақстан Республикасының Заңында «аудиовизуальными материалами» - «дыбыстықкөрініс материалдары» (дұрысы - «дыбыс-бейне материалдары») деп әртүрлі қолданылған. Сондай-ақ, «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 22 бұйрығында «аудиовизуальные записи» - «дыбыстық бейнежазбалары» деп (дұрысы - «дыбыс-бейне жазбалары»), «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 10 шілдедегі N 179-IV Заңында «аудио-визуальное произведение» - «дыбыстау-бейнелеу туындысы» деп (дұрысы - «дыбыс-бейне туындысы») әртүрлі қолдануға жол берілген. Сол сияқты «Қазақстан Республикасының автомобильдік өткізу бекеттерінде бірыңғай бақылау-өткізу бекеттерін жайластыру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы» 2002 жылғы 26 қарашадағы N 1256 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында «контрольно-пропускных пунктов» - «бақылау-өткізу бекеттерін» деп (дұрысы - «бақылау-өткізу пункті»), «Қапланбек» өткізу бекетін ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы N 669 қаулысында «пункт пропуска» - «өткізу бекеті» деп (дұрысы - «өткізу пункті»), «Қазақстан Республикасының кедендерін, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін құру, санатқа бөлу, сыныптау қағидаларын, сондай-ақ оларды жайластыру мен материалдық-техникалық жаратқандырудың тиесілік нормаларын және оларға қойылатын үлгілік талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 205 бұйрығында «пункт пропуска» - «өткізу пункті» деп (дұрысы - «өткізу пункті»), «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23

қазандағы N 992 қаулысында «пункты пропуска» - «өткізу пункттері» деп (дұрысы - «өткізу пункттері») деп қолданылғандығын атауға болады. Сол сияқты қолданыстағы заңнамада «Балансовая стоимость» - «Баланстық құны», «Теңгерімдік құны» екі түрлі қолданылғандығына да мысалдар көп кездеседі.

Нормативтік құқықтық актілерде терминдердің сөзжасам заңдылықтарына сай пайдаланылмауы, яғни сөзжасам тәсілдерін, дыбыстар тіркесімі, қосымшалардың жұмсалыу ерекшелігін, сөздердің тіркесу қабілетін дұрыс пайдаланылмауы да кездесіп отырады. Бұған мысал ретінде кестеде жалғауы мен жұрнағы дұрыс пайдаланылмаған біреше сөз тіркестері берілді. Мысалы: «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 364-ІІ Қазақстан Республикасының Заңында «Публичные слушания» - «Жария тыңдаулар» (дұрысы - «Жария тыңдау»), «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-ІV Кодексінің «корпоративный подоходный налог» деген термин 55-бабының 1-тармағында және «корпоративтік табыс салығы» деп, 437-бабында «корпорациялық табыс салығы» деп екі түрлі қолданылған (дұрысы - «корпоративтік табыс салығы»).

Нормативтік құқықтық актілерде терминдерді пайдалануда бейтараптылық сақталмай жатады. Мәселен, кестеде көрсетілген эмоциялық пен экспрессиялық реңктегі «особо злостное хулиганство» - «айрықша қаскүнемдікпен бұзақылығы», «злостное уклонение» - «қаскөйлікпен жалтарған», «Злостными нарушителями режима» - «кәнігі режим бұзушылар», «злостное уклонение» - «қасақана жалтарғаны» деген сөз тіркестерінде «злостное» деген сөз қазақ тілінде төрт нұсқада берілген, «умышленные» деген сөз «қасақана» деп берілген. Мұнда «злостный» - қас, өш, кекті, ашулы, әдейі, қасақана; злостные намерения - қастық ниеттер, злоумышленный - қаскүнемдік [3, 303 б.], умышленно - әдейі, жорта, қасақана [1055 б.] деген мағынаны білдіреді. Сонымен терминдердің әртүрлі қолданылуы және ресми стилге тән сипатына сай нұсқасының дұрыс тандалмауы да терминдерге қойылатын талаптарды сақтамаушылық екенін көреміз. Мысалы: 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 44-баптың 3) тармақшасында «злостное уклонение» - «қаскөйлікпен жалтарған»

(дұрысы «қастықпен жалтарған»), 87-бабының 1-тармағында «злостное нарушение» - «қаскөйлікпен бұзушылық» деп (дұрысы «қастықпен бұзушылық») қолданылған. «Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 27 Заңының 18-бабының 1) тармақшасында «особо злостное хулиганство» - «айрықша қаскүнемдікпен бұзақылығы» деп (дұрысы «айрықша қастықпен бұзақылығы») қолданылған болса, сол Заңның 18-баптың 1) тармақшасында «злостно нарушающих режим» - «қастықпен режим бұзғандарға» деп (дұрысы «қастықпен режим бұзғандарға»), 39-бабының 6) тармақшасында «злостное уклонение» - «қасақана жалтарғаны» (дұрысы «қастықпен жалтарғаны») деп, 39-баптың 6) тармақшасында «Злостными нарушителями режима» - «кәнігі режим бұзушылар» деп (дұрысы «қастықпен режим бұзушылар») әртүрлі қолданылады. Ал «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 58-VI Қазақстан Республикасының Заңының 11) тармағында «злостное нарушение» - «қаскөйлікпен бұзған» (дұрысы «қастықпен бұзған») деп, 9-тармағының 2) тармақшасында «умышленные преступления» - «қасақана қылмыстары» деп дұрыс қолданылған. Сол сияқты «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 97 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 желтоқсандағы № 1745 қаулысында «добросовестной конкуренции» - «адал бәсекелестікті» деп дұрыс қолданылған, ал Азаматтық кодекстің Жалпы бөліміндегі 261-бапта «Добросовестный приобретатель» - «Адал алушы» деген тіркес «Адал ниетті иеленуші» деп қолданылуы қажет.

Мұндай мән-мағынасы әртүрлі, әртүрлі түсініліп талқыланатын, нормаға қайшы сөздер мен сөз тіркестерін, терминдер мен ұғымдар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің негізгі мен туынды түрлеріне қатар мониторинг жүргізу арқылы анықталып, жинақталуы қажет және оларды түзету сан салалы, түрлі деңгейдегі актілердің байланысы мен жүйесі ескеріле отырып, заң техникасы мен тілдік норма талаптарына сәйкес келтірілуі керек.

Заңнамадағы терминдік кемшіліктерді

анықтау, жинақтау, талдау және оларды түзету бойынша ұсыныстарды әзірлеуде тілдік норманың 1) терминнің бір мағыналылығы, арнаулы салада бір мағынаны білдіруі, синонимдердің болмауы; 2) термин мағынасының дәлдігі, ұғым мазмұнының дәл қамтылуы; 3) терминнің қысқалығы, ықшамдығы, ұғым өзара үндескен сөз тіркестерінен құралса, оның өзге ұғымдармен байланысы, терминнің жүйелілігі; 4) терминнің сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі, сөзжасам тәсілдері, тілдік заңдылықтар, дыбыстар тіркесімі, қосымшалардың жұмсалы ерекшелігі, сөздердің тіркесу қабілеті; 5) терминде эмоциялық пен экспрессиялықтың болмауы, терминдердің бейтарап болуы; 6) эстетикалық талаптарға сай келуі, дыбысталуы қолайлы, жағымды болуы, қарапайым лексика қатарынан таңдалмауы талаптары ескерілуі қажет [4, 36-37 б.].

Терминнің бірімәнді, бір термин бір немесе өзге де қандайда бір актіде бірімәнде болуы; тұрақтылығы, термин әрбір жаңа нормативтік құқықтық актіде өзінің ерекше мәнін сақтауы, терминологияның біртұтастығы, пайдаланылатын терминдер басқа да нормативтік құқықтық актіде қамтылған терминге қайшы болмауы, жалпыға танылған болуы басшылыққа алынуы қажет [5, 232-234 б.].

Заңнамадағы терминдік кемшіліктерді жоюға бағытталған түзетулерді әзірлеу және оны заң арқылы енгізу жолымен орындалуы мүмкін. Осындай жолмен ғана терминдерді біріздендіруге қол жеткізуге болады.

Терминдерге қатысты осы мәселелер әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің қазақ тіліндегі жобаларында пайдаланылатын терминдерге де қатысты. Өйткені нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу барысында да тілдік норма мен терминдерге қойылатын талаптардың сақталмауы жиі кездеседі. Лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде мұндай терминдік кемшіліктер анықталып, қолданылуы дұрыс емес терминдер нормаланған терминдермен ауыстырылып түзетілуі тиіс.

Лингвистикалық сараптама жүргізу барысында осындай терминдерді бірізділікке келтіру ең алдымен әртүрлі нұсқалардың ара-жігін ашуды, олардың арасынан мәніне сай келетін терминді (олардың бірдейлігін, екітүрлі мәнде түсінілмеуін және ұғынылмауын) айқындап, жүйелі түрде пайдалану, онымен бірге жалпыға таныған терминдерді қолдану, сөйлем құрастыру, сөз жасау, сөзді дұрыс дыбыстау сияқты тілдік нормаға келтіруге бағытталған жұмыстарды жүргізумен іске асырылуы қажет.

Сараптама барысында нормативтік құқықтық акті жобасындағы терминдермен жұмыс олардың ұғымдық сәйкестігін,

қолданыстағы заңнамадағы салалық ұқсас актілердегі терминдік жүйеде пайдаланылуын, әртүрлі сөздіктерде берілген баламасын салыстырумен, әдістемелік әдебиетке сүйене отырып зерделенеді. Әр түрлі терминдерден атаулық мазмұнын дәл беретін бір нұсқасы таңдалады [5, 238 б.].

Терминдердің қолданылып жүрген нұсқаларының біреуі ғана тұрақты пайдалануға алынады [6, 31 б.]. Бұл ең әуелі саланың негізгі терминдері құрамын дәл анықтап, терминдер арасынан ұғымға сәйкесін таңдауды, әр саланың негізгі терминдерінің өзіне ғана тән төл түсініктері мен аталымдарының жиі қолданылатын салааралық және жалпы қолданыстық аталымдарын таңдаумен орындалды.

Әсіресе терминдер мен ұғымдарды аударуда басты назарға алынатын жай ресми стильде пайдалануға жат сөздерді, ауыспалы мағынадағы сөздерді пайдаланбау, әдеби тілде тұрақталған, тура мағынадағы, ортақ пайдаланылатын, мағынасы түсінікті, қолданылуы орныққан ресми стильге сай сөздер мен терминдерді пайдалану талабы. Кейде аударудың қиындығынан бір сөздің мағынасында түпнұсқаның өзінде екіұштылық болуы мүмкін, мағынаның бірдей болмауы қателікке әкеліп, ұғымды басқаша түсіндіруге, қарама-қайшы мағынаға әкеледі. Сол себепті ұғымды бір мағынада түсіну, терминдер, ұғымдар мен тұрақты тіркескен сөздерді нақты мағынасында және бірізді пайдалану үшін нормативтік құқықтық жобаларды әзірлеуде:

- жарыспалы терминдердің қолданылуы (нақтылығы жағынан талқылауды қажет ететін сөздер мен сөз тіркестерін, дәл атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылып пайдаланылуы, дұрыс аударылмаған терминдер мен мағынасы жағынан жуық әртүрлі сөздердің пайдаланылуы);

- сәтсіз жасалған терминдердің орын алуы (ресми стильге тән емес, ұғым мазмұнын дәл бермейтін терминдердің, мәніне қайшы, анық емес не заңнамада орнықтаған сөздер мен сөз тіркестерді пайдалауды);

- ұлт тілінің лексикологиялық қабаттары, сөзжасам, терминжасам тәсілдерінің дұрыс пайдаланылмауы (жаңа пайда болған арнайы техникалық (белгілі сала бойынша), арнайы заң (ерекше құқықтық мәнге ие) терминдері дұрыс пайдаланылмауы) сияқты кемшіліктерді анықтап, терминдерге қойылатын: жоғарыда аталған бірімәнділік, тұрақтылық, терминнің әрбір жаңа актіде өзінің ерекше мәнін сақтауын, терминологияның біртұтастығын, терминдердің басқа да нормативтік құқықтық актіде қамтылған терминге қайшы

болмауын, заң жобасын нормаларының түсінікті болуы үшін қайталауларға жол берілмей айқын, дәл, нақты, қысқа әрі толық баяндалуын, сонымен бірге қисындық байланыстың сақталуын, құрылымдық дұрыс ресімделуі талаптарының сақталуына да назар салу қажет [7, 60 б.].

Ал лингвистикалық сараптаманың шеңберінде бұларды ескеру терминдердің мағынасы мен тұлғалық жағынан жетілдіруді, терминдердің бірізділігін сақтаумен қоса, нормативтік құқықтық актілер жобаларында:

1. заң терминінің нормалық негізінің сақталуы, яғни нормалық дәлдік пен нақтылықтың болуын;

2. заң терминінің түпмәтіндік үйлесімі арқылы заң актісінде қойылып отырған мәселенің нормативтік мағынасының дұрыс берілуін;

3. заң терминін әртүрлі баламада қолданудан арылту, яғни норманың екіұдайлық сипатын болдырмауды сақтауға ықпал етеді.

Осымен қоса, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуші органдардың аударма ісімен айналысатын кадрларының біліктілігін арттырумен айналысатын үкімет деңгейіндегі бір орталықты

ұйымдастырудың уақыты жеткен сияқты, бұл орталық жобамен жұмыс істеуге қажет заң техникасы, оның ішінде заң стилі мен терминологиясы бойынша әдістемені жетілдіру және оны үйрету міндетін атқара алатын болса заңнаманы жетілдіруге оң ықпалын тигізер еді.

Жаңғыру міндеттері мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық актілердің нұсқасын жетілдірудің жаңа міндеттерін алға қояды. Алдағы уақытта енгізілетін латын әліпбиі бойынша атқарылатын міндеттер және қоғамдық қатынастардағы, ғылым мен техникадағы жаңғырулар терминдер мәселелеріне де көзқарасты жаңарту ұстанымымен ұласпақ.

Бүгінгі таңда Елбасының барлық бастамалары, берген тапсырмалары толықтай жүзеге асып келеді. Мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту бүгінгі күні де, келешекке де үлкен міндеттерді жүктейді. Ел дамуының әлемдік дамудың үдерістеріне тенелуге бағыт алған кезеңде алға қойған мақсат пен міндеттерге қол жету тиянақтылық пен жауапкершіліктің негізінде, біліктілік пен тәжірибенің ізденістері мен үздік жетістіктеріне сүйенетін еңбекпен ғана іске асырылуы мүмкін екенін айтуға болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, Астана, 12 сәуір 2017 ж. <http://www.akorda.kz>
2. Айымбетов М. Заң терминдерінің түпмәтіндік қолданысы // Қазақстан Республикасының Заңнама жаршысы. – 2013. – № 1-2(29-30). – 124-125 б.
3. Орысша-қазақша сөздік. – өңделіп, толықтырылып, үшінші басылуы 70 000 сөз. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты. Алматы, Дайк-Пресс, 2005. – 1142 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминтану: оқу құралы. - Астана, 2009. - 160 б.
5. Чухвичев Д.В. Законодательная техника: Учебное пособие. 2-е издание, перераб и доп. - М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2012. - 415с.
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 952 б.
7. Тұрарова Ж., Еременко Т. Заңнамадағы терминологиялық проблемалар // Терминологиялық хабаршы. - № 2 (50) / 2015. - 57-62 б.

REFERENCES

1. Memleket basshysy N. Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna zholdauy. «Qazaqstannıń yshinshi zhańǵyruy: zhahandyq bāsekege qabiletilik» 31 qańtar 2017. Astana, 2017.
2. Ajymbetov M. Zań terminderiniń typmätindik qoldanysy // Qazaqstan Respublikasynıń Zańnama zharshysy. – 2013. – № 1-2(29-30). – 124-125 b.
3. Oryssha-qazaqsha sözdik. – öñdelip, tolyqtyrylyp, yshinshi basyluy 70 000 söz. Qazaqstan Respublikasynıń bilim zhāne ғылым ministrliгі A. Bajtırsynov atyndazy Til bilimi instituty. Almaty, Dajk-Press, 2005. – 1142 b.
4. Qırmanbajyly Sh. Termitanu: oqu quraly. - Astana, 2009. - 160 b.
5. Chuhvichev D.V. Zakonodatel'naja tehnika: Uchebnoe posobie. 2-e izdanie, pererab i dop. - M.: JuNITI-DANA: Zakon i pravo, 2012. - 415s.
6. Qırmanbajyly Sh. Qazaq terminologijasy. – Almaty: «Sardar» baspa үji, 2014. – 952 b.
7. Tұrarova Zh., Eremente T. Zańnamadaǵy terminologijalyq problemalar // Terminologijalyq habarshy. - № 2 (50) / 2015. - 57-62 b.